



22294760920

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 07 наурыз

№ 5143-25-00-2-3м/71

Мырзакент кенті

Түркістан облысы Мақтаарал аудандық сотының тергеу судьясы Е.Сламбеков, А.Омарқызының хатшылығында, Мақтаарал ауданы прокуратурасының прокуроры Е.Саржан, күдікті Е. [REDACTED] қорғаушы-адвокат Г.Саржановтың қатысуларымен, ашық сот отырысында дыбыс-бейне жазбасын қолдану арқылы:

1986 жылғы 06 қарашада туған, Қазақстан Республикасының азаматы, ұлты қазақ, білімі жоғары, отбасылы, уақытша жұмыссыз, бұрын сотты болмаған, [REDACTED] үй тұрғыны.

Тергеушінің Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі ҚК) 174-бабы 2-бөлігімен күдіктелген [REDACTED] қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға сот алдында өтінішхатты қозғау туралы прокурор қолдаған өтінішхатты карап,

АНЫҚТАДЫ:

Күдікті Е. [REDACTED] 01.07.2024 – 01.01.2025 жылдар аралығында өзінің танысы Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Қазақстан көшесі №11Б үй тұрғыны 23.06.1991 ж.т. [REDACTED] бірге алдын ала сөз байласып құрамында 40 адам бар «Ватсап» әлеуметтік желісіндегі «Атакент Бауырлар» тобында өздері ұстанатын теріс бағыттағы дінді насихаттау үшін заңмен тыйым салынған «Дильмурат Абу-Мухаммад» және «Назратуллах Абу-Мариям»-дардың уағыздарын бірнеше рет тарату арқылы діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған.

2025 жылғы 28 ақпанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру бірыңғай тізілімінде №255143031000056 санымен қылмыстық іс тіркелген.

Ұстау туралы хаттамаға сәйкес күдікті 2025 жылғы 28 ақпан 23 сағат 05 минутта Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 128, 131-бабының талаптарына сәйкес ұсталынып, уақытша ұстау абақтысына енгізілген.

02.03.2025 жылы Мақтаарал аудандық сотының қаулысымен ҚР ҚПК-нің 139-бабының тәртібінде күдіктінің іс-әрекеті сараланғанға дейін 10 тәулікке, яғни 10.03.2025 жылы сағат 23:05-ке дейін санкциялаған.

2025 жылғы 6 наурызда [REDACTED] іс-әрекеті ҚР ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігі бойынша сараланған.

Прокурор қолдаған өтінішхатында күдікті [REDACTED] адамдар тобы болу арқылы экстремистік іс-әрекеттерін жасау арқылы діни алауыздықтарды туындататын әрекеттерді жасағанын ескере отырып, оған қатысты [REDACTED]

Құжатқа қол қойылған: Сламбеков Е. Б., 07.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Сламбеков Е. Б., 18.03.2025



5143-25-2-3/71



28.04.2025 жылы 23 сағат 05 минутқа дейін оған қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды сұраған.

Сот өтінішхатты қарау барысында күдіктінің және адвокаттың кепіл, ұйқамақ қолдану туралы, прокурордың өтінішхатты қолдаған пікірін тыңдап, өтінішхатқа тіркелген материалдарды қарап, өтінішхатты төмендегі негіздермен қанағаттандыруға жатады деп санайды

ҚПК-нің 147-бабы 1-бөлігіне сәйкес, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және басқа, қатаңдығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде заңмен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады.

Осы баптың 7)тармағына сәйкес оның қылмыстық әрекетті жалғастырып жүргендігі туралы деректер бар болса, заңда бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деп күдік келтірілетін, айыпталатын, сотталатын адамға қатысты қолданылуы мүмкін.

ҚПК-нің 136-бабы 1-бөлігіне сәйкес күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынып жүр не істі объективті тергеп-тексеруге немесе сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін орган үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін өз өкілеттіктері шегінде осы адамдарға осы Кодекстің 137-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолдануға құқылы.

ҚПК-нің 148-бабы 9-бөлігі 2)тармағына сай адамға қылмыстық топтың құрамында қылмыс; террористік және (немесе) экстремистік қылмыстар; Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің [1](#), [4](#), [5](#), [11](#) және [17-тарауларында](#) көзделген аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ төтенше жағдайларда немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған аса ауыр қылмыстар, соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған аса ауыр әскери қылмыстар жасады деп күдік келтірілген, айып тағылған кезде кепіл белгіленбейтіні көрсетілген.

Мұндай жағдайда, тергеу судьясы, Е. [REDACTED] ауыр санаттағы қылмысты жасағаны үшін күдікті екенін, оған тағылған айыптаудың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, күдіктінің жеке бас деректерін, бостандықта жүріп тергеу мен соттан жасырынуы және басқа да қылмыстық әрекеттерді жалғастыруы, сондай-ақ тергеуге кедергі жасауы мүмкін екендігін ескеріп, оған қатысты бұлтартпау шарасы ретінде екі ай мерзімге күзетпен ұстау санкциялануға жатады деп табады.

Аталған мән-жайларға байланысты күдіктіге бұлтартпау шарасының өзге түрін таңдауға немесе кепіл мөлшерін айқындауға негіздер жоқ.

ҚПК-нің 55, 56, 147, 148-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ҚАУЛЫ ЕТТІ:



Мақтаарал аудандық полиция бөлімінің тергеушісі Д.Жақсылықтың күдікті ██████████ қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды санкциялау туралы өтінішхаты қанағаттандырылсын.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабы 2-бөлігімен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған деп күдіктелген ██████████ бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстауды 2025 жылы 28 сәуір 23 сағат 05 минутқа дейін 2 (екі) ай мерзімге санкция берілсін.

Күзетпен ұстау мерзімі ██████████ нақты ұсталған уақыты 2025 жылдың 28 ақпан 23 сағат 05 минуттан бастап есептелсін.

Күдікті ██████████ қатысты қаулыны орындау сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жүктелсін.

Қаулы көшірмелері прокурорға, қорғаушыға, күдіктіге табыс етілсін.

Қаулыға наразы жақ Түркістан облыстық сотына Мақтаарал аудандық соты арқылы қаулы жария етілген кезінен бастап үш тәулік ішінде шағым жасауға, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья

Е.Сламбеков

